

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956 және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015-2016 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № 114 Жарлығы  
**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956 Жарлығында:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«1) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 80 (сексен) миллиард 848 (сегіз жүз қырық сегіз) миллион 188 (жүз сексен сегіз) мың теңге:

68 (алпыс сегіз) миллиард 500 (бес жүз) миллион теңге сомасына «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының; 12 (он екі) миллиард 348 (үш жүз қырық сегіз) миллион 188 (жүз сексен сегіз) мың теңге сомасына «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының аумақтарында инфрақұрылым объектілерін салу үшін;»;

2) «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015-2016 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 Жарлығында:

1 - т а р м а қ т а :  
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015-2016 жылдарға арналған республикалық бюджетке 962 (тоғыз жүз алпыс екі) миллиард 438 (төрт жүз отыз сегіз) миллион 475 (төрт жүз жетпіс бес) мың теңге мөлшерінде нысаналы трансферттер, о н ы ң і ш і н д е : » ;

1 ) т а р м а қ ш а д а :  
сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылай сауықтыру көлемін ұлғайту үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға - 5 (бес) миллиард 792 (жеті жүз тоқсан екі) миллион 601 (алты жүз бір) мың теңге;»;

